

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ

КТ кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

Машеков С.А.

«_____» _____ 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Семей қаласының жолаушы автокөліктер кәсіпорны жағдайында
автобустардың жөндеу жұмыстарын жетілдіру тақырыбына

5B071300 - Көлік, көліктік техника және технологиясы
мамандығы бойынша

Орындаған

_____Лаубаев Е. М.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

тьютор

_____Канаянов А. Е.

«_____» _____ 2020 ж.

«_____» _____ 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

Лаубаев Ерасыл Мұхтарұлы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Семей қаласының жолаушы автокөліктер кәсіпорны жағдайында
автобустардың жөндеу жұмыстарын жетілдіру

мамандық 5B071300 - Көлік, көліктік техника және технологиясы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

5B071300 –Көлік, көлік техникасы және технологиясы

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі
Т.Ғ.Д., профессор

_____ Машеков С.А.
« ____ » _____ 2020 ж.

Дипломдық жұмысты даярлауға

ТАПСЫРМА

Білім алушыға: Лаубаев Ерасыл Мұхтарұлына

Жұмыстың тақырыбы: Семей қаласының жолаушы автокөліктер кәсіпорны жағдайында автобустардың жөндеу жұмыстарын жетілдіру

Университеттің №762- б «27» 01. 2020 ж бұйырығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі « ____ » мамыр 2020 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: Семей қаласының жолаушы автокөліктер кәсіпорны

Есеп–түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны :

а) Технологиялық есеп; ә) Патенттік шолу; б) ТК жұмыстарының технологиясы
в) Конструкторлық бөлім; г) Қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген) 1.Агрегаттық участок - 1 бет; 2. Әдеби патенттік шолу -1 бет; 3.Стендтің жалпы көрінісі 1 бет; 4. Құрастырма бірлік -1 бет; 5. Құрастырма бірліктердің бөлшектері – 1 бет;

Ұсынылған негізгі әдебиеттер

1. Васильев В.И. "Основы проектирования технологического оборудования автотранспортных предприятий" учебное пособие - Курган-1992 - 88 с.
2. Бортников С. П. Проектирование предприятий Автомобильного транспорта: учебное пособие / С. П. Бортников, М. Ю. Обшивалкин. - Ульяновск : УлГТУ, 2009. - 64 с.
3. Напольский Г.М. Технологическое проектирование автотранспортных предприятий и станций технического обслуживания: Учебник для вузов. - 2-е изд., перераб. И доп. - М.: Транспорт, 1993.- 271с.

Дипломдық жұмысты даярлау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтар тізімі	Ғылыми жетекшілерге, Кеңесшілерге өткізі мерзімі	Ескерту
Талдамалық бөлім	10.01.2020 – 10.02.2020	
Жобалық-технологиялық бөлім	13.02.2020-31.03.2020	
Конструкциялық бөлім	1.04.2020 – 30.04.2020	

Аяқталған дипломдық жұмыстың және оларға қатысты диплом жұмысының
бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып бақылаушылардың
қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, Кеңесшілері(аты- жөні,тегі,ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Қалып бақылаушы	Козбагаров Р.А. т.ғ.к., сениор- лектор		

Ғылыми жетекшісі _____ Канажанов А. Е.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Лаубаев Е. М.

Күні «__» _____ 2020 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста Семей қаласының автобус паркіндегі автокөліктердің жағдайын зерттеп, агрегаттарды жөндеу технологиясымен танысып, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді талдап, дипломдық жұмыстың тақырыбына сәйкес мақсатта жұмыс атқардым.

Кәсіпорын мен жөндеу технологиясын жақсартуға жағдай қарастырылған.

Жолаушылар тасымалдайтын автобустардың беріліс қорабының жөндеуге арналған стендтің білігіне операциялық және технологиялық картасы жасалды.

Жұмыстың құрастыру бөлімінде кәсіпорындағы беріліс қорабын жөндеуге арналған стенді ұсынылған.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе приводится анализ технико-экономических показателей, состояния организации и технологии ремонта агрегатов автомобилей предприятия г.Семей на основании которого обоснована тема дипломной работы и намечены задачи для достижения поставленной цели .

На основании передовых достижений науки и технологии в области ремонта агрегатов автомобилей была выбрана схема технологического процесса ремонта агрегатов пассажирских автобусов, к которому было рассчитано и подобрано необходимое оборудование.

Предложены меры по улучшению организации и технологии ремонта.

В конструкторской части проекта предложено к внедрению на предприятие стенда для ремонта коробки передач пассажирских автобусов.

ANNOTATION

In this diploma work the analysis of technical and economic indicators, the state of organization and technology of repair of car aggregates of the enterprise of Kyzylorda on the basis of which the topic of thesis work is justified and the tasks for achieving the set goal are analyzed.

Based on the advanced achievements of science and technology in the field of repair of car aggregates, a scheme was chosen for the technological process of repairing aggregates of passenger cars, to which the necessary equipment was calculated and selected.

Measures are proposed to improve the organization and technology of repair.

In the design part of the project it was proposed to introduce a stand at the enterprise to repair the transmission of passenger buses.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Диплом жұмысы тақырыбының негізі	9
1.1	«Семей» автобус паркінің сипаттамасы және дамуы	9
1.2	«Семей» автобус паркінің «Zhongtong» маркалы автобусы	10
1.3	«Семей» автобус паркінің экономикалық жағдайы	12
1.4	«Zhongtong» автобусінің техникалық сипаттамасы	13
1.5	Дипломдық жобаның өзектілігі	13
1.6	Автокөліктерге арналған ТҚ және ТЖ жұмыстары мен технологиясы	14
1.7	Нормативті периодты ТҚ мен КЖ жүрісіне дейін таңдау және коррекциялау	15
1.8	Кәсіпорынның ұйымдастыру әдістерін таңдау мен технологиялық үрдісте қызмет көрсету	19
1.9	ТҚ көрсету, жөндеу және қосалқы жұмыстары бойынша жұмыстың жылдық сомасын есептеу	20
1.9.1	Нормативті еңбек көлемін түзету мен таңдау	20
1.9.2	ТҚ мен ТЖ бойынша жұмыстың жылдық мөлшерін анықтау	21
1.9.3	Өзіне өзі қызмет көрсету кәсіпорынның жұмыстың жылдық мөлшерін анықтау	22
1.9.4	Қызметкерлердің санын есептеу	25
1.9.5	Зоналар мен участкелер есебі	26
1.9.6	Диагностикалық посттар санының есебі	28
1.9.7	Ағымдағы жөндеу посттарының санын есептеу	28
1.9.8	Технологиялық жабдықтарды іріктеу	28
1.9.9	ТҚ мен ТЖ зоналары, өндірістік участкелердің ауданының есебі ТҚ мен ТЖ зоналарының ауданы келесіше болады	29
1.9.10	Кәсіпорынның бас жоспарын құру	30
2	Ұсынылатын құрылымға әдеби патенттік шолу	32
2.1	Беріліс қорабын шашып жинауға арналған стенд	32
2.2	Беріліс қорабын тексеру және жаттықтыру стенді	33
2.3	Берілісті сынақтауға арналған стенд	35
2.4	Механикалық беріліс қорабының өздігінен өшірілуін сынақтау тәсілі	37
2.5	Беріліс қорабын жөндеуге арналған стенді	38
3	Конструкторлық бөлім	40
3.1	Жетілдірілетін беріліс қорабын жөндеуге, шашып-жинауға арналған стендтің қызметі, құрылысы және жұмыс істеу принципі	40
3.2	Жетілдірілген стендтің қысқаша техникалық сипаттамасы	40
3.3	Стенд құрылысының элементтерін есептеу	42
	Қорытынды	46
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Васильев В.И. "Основы проектирования технологического оборудования автотранспортных предприятий" учебное пособие - Курган-1992 - 88 с.
2. Бортников С. П. Проектирование предприятий Автомобильного транспорта: учебное пособие / С. П. Бортников, М. Ю. Обшивалкин. - Ульяновск : УлГТУ, 2009. - 64 с.
3. ВСН 01-89 "Предприятия по обслуживанию автомобилей" (утв. приказом Минавтотранса РСФСР от 12 января 1990 г. N ВА-15/10 - М.: Издательство стандартов, 1990. - 17 с.
4. Масуев М.А. Проектирование предприятий Автомобильного транспорта: учебное пособие - М.: Академия, 2007. - 224 с.
5. Напольский Г.М. Технологическое проектирование автотранспортных предприятий и станций технического обслуживания: Учебник для вузов. - 2-е изд., перераб. И доп. - М.: Транспорт, 1993.- 271с.
6. ОНТП-01-91. Общесоюзные нормы технологического проектирования предприятий Автомобильного транспорта - М.: Гипроавтотранс, 1991. - 184 с.
7. Рабинович Э.Х. Техническая эксплуатация автомобилей (раздел "Организация обслуживания и ремонта автомобилей): Конспект лекций. - Харьков: ХНАДУ, 2004 - 60 с.
8. Техническое обслуживание и ремонт автомобилей: учебник для студентов учреждений сред. проф. образования / В. М. Власов [и др.]; под ред. В.М. Власова. - М. : Издательский центр «Академия», 2003. - 480 с.
9. Туревский И.С. Техническое обслуживание и ремонт Автомобильного транспорта. Учебное пособие. – М.: ИД «ФОРУМ»: ИНФРА-М, 2011. – 192 с.
10. Хасанов Р.Х. Основы технической эксплуатации автомобилей: Учебное пособие. - Оренбург: ГОУ ОГУ, 2003. - 193 с.
11. Архангельский А. Н. Технологическое проектирование АТП. Методические указания для курсового и дипломного проектирования для студентов дневной формы обучения специальности 1505 – «Автомобили и Автомобильное хозяйство». – Брянск, 1993
12. Боровских Ю. И., Буралев Ю. В. Техническое обслуживание и ремонт автомобилей. – М.: Высшая школа, 1988.
13. Голубев И. Р., Новиков Ю. В. Окружающая среда и транспорт. – М.: Транспорт, 1987.
14. Румянцев С. И., Синельников А. Ф., Штоль Ю. Л. Техническое обслуживание и ремонт автомобилей: Учебник. – М.: Машиностроение, 1989.
15. Дипломное проектирование: методические указания для студентов дневной и вечерней форм обучения специальности 190601 – «Автомобили и Автомобильное хозяйство». – Брянск: БГТУ, 2007. – 50 с.
16. Кузнецов Е. Н. Техническая эксплуатация автомобилей. – М.: Транспорт, 1991.

КІРІСПЕ

Жолаушылар тасымалын дамыту, олардың көлемін арттыру, жұмысының қажеттілігінің орындалуы үшін техникалық дайындығы бірқалыпты, жол көліктеріне жоғары талаптар қойылады.

Автомобильдер мен олардың агрегаттарының жөндеу қажеттілігі үнемі қайталанып отырады, олардың құрылымдарына өзгерістер енгізіледі, сондай-ақ машина жасау, жөндеу технологиясын үздіксіз жетілдіру, жөндеу барысында жаңа технологияға негізделеді, қолданыстағы жөндеу нысандарды қайта салу үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Жөндеу объектілері бойынша жобалау жүйесі, тиімді емес құрылыс технологияларын пайдалану мүмкіндігін болдырмауға арналған экономикалық тұрғыдан тиімді кәсіпорындар және жөндеу шеберханаларын, ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық параметрлерін қатаң негіздемесін қамтамасыз ету болып табылады.

Автобус паркінде көліктерді пайдаланып, техникалық қызметтен өткізу барысында жөндеу базалары, арнайы ТҚ және ТЖ постары және автомобильдің тораптары мен бірлігін жөндеудегі аумақтар құрылады.

Жөндеу жұмыстарының сапасын арттыру мен жұмысының көлемін ұлғайту, қазіргі заманғы жабдықтарды пайдалану, озық технологиясын, жоғары білікті жұмысшылар, сондай-ақ ескірген жөндеу құрылғыларын және өндірістік жабдықтарды жаңғырту арқылы, жұмысты ұйымдастырған кезде ғана көздеген мақсатқа жетіп, көлік тасымалына жақсы үлесімізді тигізген боламыз.

Автобустарды жөндеудің негізін құру үшін механикалық шеберханаларда жөндеу және қызмет көрсету стансаларынан басталады. Сонымен қатар кәсіпорындардың құрылымын өзгерту, жаңа процестер, прогрессивті өнімділігі жоғары жабдықтарды, процестерді автоматтандыру дамып келеді.

1 Диплом жұмысы тақырыбының негізі

1.1 «Семей» автобус паркінің сипаттамасы және дамуы

Семей қаласында сыйымдылығы 100 қоғамдық көлікке лайықталған автобус паркі салынды. Бұл автопарктің ерекшелігі болып, қала көлемінде қызмет көрсететін үлкен сыйымдылықтағы автобустарға арналған тұрақтар, көлік жуу алаңы, жанармай бекеті қарастырылған.

2016 жылдың наурыз айында автобус паркінің құрылысы толық аяқталып, 200 – 250 тұрғын паркте жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар қоғамдық көліктердің қызметін сапалы ұйымдастыру мақсатында Айша биби көшесі бойында 5 диспетчерлік пункттердің жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткен.

Семей қаласында Арай, СПМК секілді жаңа мөлтек аудандар ашылып, осыған байланысты осы аудандарға қоғамдық көлік қатынасын ұйымдастыру бағытында жол сызбалары әзірленген.

2013 жылдан бастап, осы мақсатта жарияланған арнайы конкурстың жеңімпазы ретінде қала ішілік және қала маңындағы жолаушылар тасымалымен «Семей» автобус паркі» ЖШС-гі айналысып келеді.

Менің ойымша, қоғамдық көліктер кез-келген қаланың әлеуеті мен ажарын айқындайды. Мен бірер жылда Семей қаласының көшелерінде заманауи үлгідегі жайлы автобустардың көбейетініне сенімдімін және өз үлесімді қосамын.

Семей қаласында қала ішіндегі 25-бағыттағы және қала аумағында қатынайтын 7-бағыттағы маршруттарда жеке меншіктегі барлығы 987 автокөлік 2 ауысыммен қызмет көрсетеді, оның ішінде 602 кіші сыйымдылықта және 385 орта сыйымдылықтағы автобустарды құрайды. Аталған автобустар күнделікті автобус паркіне қарасты диспетчерлік бекеттерден техникалық және медициналық бақылаудан өткізіледі, жолдама арқылы рейіске шығарылады.

Семейда қоғамдық көліктерде жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру мақсатында «Семей» Автобус паркі ЖШС-гі тарапынан 2016 жылға арналған іс-шара жоспары бекітілген.

«Еуропалық қайта құру және даму банкі» арасында үш жақты меморандум негізінде Семей облысының әкімдігі мен «Байқоңыр» ӘКК» АҚ қалаға қосымша 92 дана заманауи автобустардың келуі жоспарланған, бірінші кезеңде рәсімделген 10 автобус пайдалануға берілді.

Қазіргі таңда, соңғы үлгідегі жаңа қоғамдық автобустар сұранысқа сай. 2017 жылдың 14 ақпанынан бастап, Семей қаласында жолаушыларды тасымалдайтын, іші кең әрі жайлы автобустар жүргізіле бастады. 78 адамға тасымалдауға дейін жететін сыйымдылығы қалалық жолаушылардың көңілінен шығуда. Осылайша, мүгедектерді тасымалдау мәселесі жолға қойылған. Экологиялық тұрғыдан да пайдасы зор. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы жағдай жасалған [1].

Автобустардың барлығы кешенді техникалық қызмет көрсетулерден өткен. Қала орталығындағы жолдар да жүруге өте ыңғайлы. Айта кететін болсам, автобус экологиялық таза отынмен, газбен жүреді. Ол үшін қалада арнайы газ құю бекеті салынды. Жолаушыларға қызмет көрсетушілер бірдей киім киеді. Ең бастысы, қызмет көрсетушілердің мәдениеттілігі ескерілген. Сонымен қатар, автобустарға GPS орнатылған, арақашықтықтың сақталуы қатаң бақыланады. Жаңа қоғамдық автобустардың барлығында бейне камера бар. Жаңа автобустар шағын көліктердің санын азайтып, қоғамдық транспорт мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Семей қаланың белді азаматтары Елбасы қоғамдық көліктерді отынның экологиялық таза түріне көшіруді тапсырғанын ескере отырып, бүгінгі таңда облыс орталығы тұрғындарына сапалы тасымалдау қызметтерін көрсету үшін автобустық паркінің құрылуына үлкен үлес қосқан. Жалпы, "Семей қаласында автобус паркін жасақтау" жобасы аясында өткен жылы облыстық бюджеттен 550 млн. теңге қаражат бөлінген. Қала басшысының айтуынша, 2016 жылы ауаны ластамайтын, экологиялық таза өнім – сұйытылған табиғи газбен 100 автобус алынған. Бірінші кезеңінде оның 20-сы жеткізілген, ал жыл аяғында қалған 80 автобус әкелінген.

Жаңаша озық құрал-жабдықтармен жасалған автобустарды қалалықтар тұрғындар №17 бағыттан көрді [2].

«Семей» Автобус паркі» ЖШС басшылығы:

Директоры – Нақып Әнуар Мауленұлы, директордың жалпы сұрақтар жөніндегі орынбасары – Бектібаев Бақытбек Шәкіманұлы, бас инженер - Пірмағамбет Асқар Жақсыбекұлы, директордың пайдалану жөніндегі орынбасары – Әбілдаев Ақылбек Каленұлы.

1.2 «Семей» автобус паркінің «Zhongtong» маркалы автобусы

Семей қаласының жолаушылар тасымалдайтын автобустарына сипаттама:

«Zhongtong» компаниясы ұзындығы 7-18 м болатын әр түрлі автобустарды ұсынады, сонымен қоса әйгілі маркалары BRT, Sunny, Navigator, TOP, Creator, Catch сияқты, өз тұтынушыларының көнілінен шығып отыр.

Осы маркалы автобус өзінің сипаттамасымен, сапалылығымен, көрікті сырт көрінісімен және бағасы жөнінен де қытайлық тұтынушылармен қоса, шет елдердің де сенімін ақтап отыр.

Бұл қалалық жолаушылар тасымалдайтын автобусы өзіне тән ерекшеліктерімен өзгешеленеді, экологиялық жағынан:

1 Газ қозғалтқышымен жүреді, ол оксинитрид пен көмірқышқыл газының шығуын төмендетеді, яғни қоршаған ортаны зиянды газдардан қорғайды.

2 Көлемді ауа тазалағыштар қолданады, қозғалтқыш кедергісін азайтады, газ жетегінің диаметрін қалыңдатады.

«Zhongtong Bus Holding Co., Ltd» компаниясы Қытайда орналасқан автобустар өндірушісі болып табылады. Бұл компания 8 негізгі санатты және 100-ден астам өнімдерін ұсынады.

Өнімдерін олардың мөлшері, түрі, моделі, типі және операциялық қуаты түріне сәйкес бөлуге болады:

– Өлшемі: орташа автобустар, үлкен автобустар, бір қабатты автобустар, екі қабатты автобустар және біріктірілген автобустар.

– Моделі: Caesar, Creator, Cruise, Navigator, BRT, Sparkling, Sunny және т.б.

– Қолданылуы: жолаушылар автобусы (Туристік жоғарғы классты автобустар "люкс", қалааралық автобустар), Экскурсиялық автобус, Қоғамдық транспорт (транзиттік автобустар, қалалық автобустар), ТҚптық автобустар (Маршруттық автобус), Мектеп автобустары, Рейстік автобустар.

– Қоректендіру түрі: дизельді қозғалтқышпен, гибридтік және электрлік.

Zhongtong автобус компаниясы автобустар өндіруде тәжірибесі 50 жылдан асқан акционерлік қоғам болып табылады. Компания 10000 астам автобустар моделін өндіруге қабілетті. Біздің шетелдік нарықтар 30-дан астам елдер мен өңірлерге, 25% жылдық сату өсімін қамтиды.

Іс-шара жоспарына сәйкес бірінші кезеңге үлкен сыйымдылықтағы экологиялық таза табиғи газ отының пайдаланатын және мүгедектерге арнайы жабдықталған 20 бірлік заманауи маркалы автобустар әкелініп, №18 бағыттағы маршрутпен іске қосылды.

«Zhongtong» компаниясы 1958 жылы құрылған, Қытайда жолаушылар автобусын тәжірибелі өндіруші және жеткізуші болып табылады. Бұл компания жолаушылар автобусының түрлі сұрыптарын өндіруге, оның ішінде, Caesar, Creator, Catch, Triumph, Navigator маманданған. Бұл жолаушылар автобустары АҚШ, Франция, Аргентина, Ресейге өз өнімдерін экспортталады.

Осы брендтік автобустардың бірінші үлгілері 1971 жылы конвейерден шығарылды. Бүгін Zhongtong зауыттарында BOVA компаниясының өндірістік желілері орнатылған. (Анықтама үшін: Нидерландық Bova компаниясы 1931 жылдан бастап көлік құралдарын өндіреді, бұл DAF шасси жолаушы өндіру негізінен туристік маманданған автобустар өндірушінің негізінде жасалынады және мықтап әлемдік автомобиль өнеркәсібінде өз сегментін құрылған).

Осыдан екі жыл бұрын, Zhongtong автобус зауыты жылына шамамен 15000 автобустар өндірді. 2013 жылда қосымша сызықтар енгізілді, қазіргі кезде саны 40000 автобустарға дейін өндіруге мүмкіндік береді. Зауыт 40-тан астам елде өз өнімдерін шығарған. Жылдың сатылымы жылына 20-25 пайызға өскен. Компания тиімді географиялық белсенді жерде орналасқан, (Шаньдун провинциясы) яғни өз өнімдерін ілгерілету және сатуға үш теңіз порттарын және бірнеше темір жол арқылы экспорттауға мүмкіндігі зор.

Әлемдік аренада лайықты марапаттары:

– ISO9001 және 3С сертификатымен марапатталған;

– Еңбек қауіпсіздігі жабдықтары атағы үшін сыйлығы (2003 жылы өндірілген);

– Қоғамның автобустардың экспорттық орталығына айналуы (Қытай үкіметі таныған).

Бұл Қытай компаниясының автобустары ірі халықаралық іс-шаралардың барлық түрлерінде кеңінен пайдаланылады. Олардың ең маңыздысы «Әлем аруы» (53-ші конкурсы), үшінші Халықаралық техникалық семинар, Дүниежүзілік экономикалық форум, әрине, Бейжіңде өткен Олимпиада ойындары болып табылады [3].

Zhongtong LCK6105HGC (№ 334 сериясы) шасси LCK6104RGC III (Zhongtong Bus Holding Co., Ltd., Қытай) Қытайдың Zhongtong Bus Holding Co., Ltd зауытында өндіріледі. Кәсіпорын Қытайдың Ляочэн қаласында (Шаньдун провинциясы, Қытай) орналасқан.

1.3 «Семей» автобус паркінің экономикалық жағдайы

Қазіргі кезде, облыста 211 автобус маршруты ұйымдастырылған. Соның ішінде: аудан арасындағы - 71 автобус, аудандық (кент ішілік) - 109 шағын автобус, қала ішілік және қала маңы - 31 автобус. Онымен қоса, облыс орталығынан Астана, Алматы, Шымкент, Жібек жолы, Жезқазған, Түркістан және Сарыағаш қалаларына 7 облыс аралық автобус маршруты ұйымдастырылған.

Осы облыстық автобустарда барлығы 30-дан астам заңды және жеке тұлғалар түрлі сыйымдылықтағы 1407 автобуспен (12-облыс арасындағы, 283-аудан арасындағы, 423-аудан ішіндегі, 689-қала және қала аумағындағы) жолаушыларды тасымалдайтын қызметті көрсетуде.

2016 жылда 332,3 млн. жолаушы тасымалданған, ол 2015 жылмен салыстырғанда 109,0% пайызға артқанын көреміз. Ал жолаушылар айналымы 5904,5 млн. жолаушы/км болған, 2015 жылмен салыстырғанда 109,0% құраған.

Сонымен қатар, облыстан және аудан орталықтарынан алыс орналасқан, жолаушылар ағымы аз және жол сапасы төмендеу 11 автобус әлеуметтік мәні бар автобустардың қатарына жатқызылып, жолақы көлемі ең төменгі деңгейде қалдырылып, облыстық бюджет есебінен демеу беріп, қаржыландырылып келеді. 2016 жылда бөлінген 17,6 млн. теңге демеу қаржы толығымен игерілді.

Семейда жолаушыларды тасымалдайтын қызметің сапасын арттыру мақсатында қалалық автобус паркін жаңартудың 2013 жылы жаңа жобасы әзірленген.

Жобаның I-кезеңінде газомоторлы осы заманға лайықты қалалық класстағы 20 автобус сатып алынды.

II-кезеңде «Байқоңыр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ, қала әкімдігі және Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында жасалған үш жақты меморандумның негізінде қосымша газомоторлы 80 дана заманауи

автобус алынған және көгілдір отын өңделетін шағын станциясы бар жаңа автобус паркі салынды.

2014-2016 жылдарда облыста барлығы 100 жаңа автобус қаланың орталық маршруттарында (1,14,17,18) жолаушыларға қызметін көрсеткен.

Жаңа автобус паркінің құрылысы 2017 жылдың наурыз айында берілді.

2016 жылда басында 233,6 млн. жолаушы тасымалданып, 2015 жылмен салыстырғанда 5,7%-ға артқан. Ал жолаушылар айналымы 4224,5 млн. жолаушы/км болып, 2015 жылмен салыстырғанда 8,5 %-ды құрап отыр.

2016 жылда соңында 149,8 млн. жолаушы тасымалданып, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 108,0%-ға артып отыр. Ал жолаушылар айналымы 2790,2 млн. жолаушы/км болып, 2015 жылмен салыстырғанда 108,0 %-ды құрап отыр.

1.4 «Zhongtong» автобусінің техникалық сипаттамасы

1 Кесте – «Zhongtong» автобусінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Максималды қуаты, кВт	276/250
Айналу моменті, Нм	1460/1280/1425
Беріліс қорабы	S6-160/150
Тежеу	Екі контурлы тежеу, барабанды, ABS жоқ
Максималды жылдамдығы	70 км/сағ
Қозғалтқаш түрі	WP10.375/ YC6L330-30/ ISLe340 30
Ұзындығы, мм	10500
Ені, мм	2500
Биіктігі, мм	3455
Алдыңғы колея, мм	2040
Артқы колея, мм	1840
Базасы, мм	5170
Остер саны	2
Шиналар саны	6
Шина өлшемі	275/70R22.5,
Жарақталған массасы	11400 кг
Жолаушылар орны	78+1
Аспа рамасы	Рессорда
Жанармай түрі	Табиғи газ

1.5 Дипломдық жобаның өзектілігі

ТҚ мен ТЖ нормативті талаптарына сәйкес, сондай-ақ жұмыс ұйымдасуының жағдайымен байланысты келесідей есептеулер жүргізу керек:

- Өндіріс аумағына есептеулер жүргізу;

- Жылдық жұмыс көлеміне есептеулер жүргізу;
 - Посттар санын анықтау (жұмысшы, қосалқы, автобістарды сақтау орны);
 - Жұмысшылар санын анықтау;
 - ТҚ мен ТЖ әдісін анықтау;
 - Технологиялық қондырғыны таңдау;
 - Өндірістік аумақ, қосалқы аумақтардың ауданын есептеу;
 - Еңбекті қорғау және өміртіршілік қауіпсіздігімен танысу.
- Жарықтандыру мен желдетуге есептеулер жүргізу. Экологиялық қауіпсіздік шарасымен танысу;
- Автокөлік кәсіпорны жобасының технико-экономикалық тиімділігін бағалау.

1.6 Автокөліктерге арналған ТҚ және ТЖ жұмыстары мен технологиясы

Жөндеу мен техникалық қызметтерді ұйымдастырудағы жоғары деңгей арқылы көлік құрылысында жұмыс жағдайындағы парк ұйымдастыруға болады, демек жұмыс қаблетін көтеріп, ресурстың қайта қалыпқа келуіне мүмкіндік жасайды. Автомобильдің техникалық қызмет көрсетуі авариялар мен ақаулардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы болып табылады.

Техникалық қызмет көрсету (ТҚ) атқаратын қызметіне байланысты бұйымды түзету, жұмыс қаблетін жақсарту, сақтау, тасымалдау, қолдану бойынша орындалатын кешенді шаралар болып табылады.

Техникалық қызмет жұмыстың көлемдік жоспары бойынша міндетті түрде орындалатын жұмыс, демек көліктің түрі мен үлгісі бойынша алдын ала белгіленіп қойған жұмыс болып отыр. Белгіл тозу деңгейі кезіндегі техникалық қызмет көрсетудегі жоспарлы жұмыстарға қарамастан көлікті одан әрі қолдану техникалық және экономикалық жағынан түрліше болып келеді, тіпті кейде қауіп (апат) төндіреді. Бұл жағдайда жөндеу шараларын орындай қажеттілігі туындайды. Техникалық қызметтің келесідей түрлерімен жұмыс жүргіземіз: диагностикалық, бекіту, реттеу, электротехникалық, қоректендіру жүйесінің жұмысы бойынша және майлау. Периодтылығы мен еңбек сыйымдылығы бойынша автомобильдердің техникалық қызмет көрсетуінің түрлері – күнделікті техникалық қызмет (КК); периодты техникалық қызмет (ТҚ), маусымдық жөндеу (МЖ).

Күнделікті техникалық қызмет (КК) майлау мен күнделікті бақылау жұмыстарын жүргізеді, көліктің сырт келбетіне, оның шанағына мән беріледі. Аталмыш қызмет құрамының қатарына көлікті майлау мен бригада кезегіне тапсыру, сонымен қатар жұмысқа шығар алдында бақылап тексеру кіреді.

Периодты техникалық қызмет (ТҚ) автомобильді пайдалануда көлемді жүріспен орындалады. белгіленген игеру құжаттарында белгіленген уақыт пен

уақыт аралықтарында орындалады. Аталмыш қызмет түрі көліктегі жанасқан бөлшектердің тозу белсенділігін төмендетіп, профилактикалық шаралардың арқасында жүргізіледі. Автокөлік базасында жөнделген көлік үшін екі техникалық қызмет көрсету (ТҚ-1 және ТҚ-2) қарастырылған, белгіленген нормаға сәйкес күнделікті ТҚ (КҚ) тәулігіне бір рет; ТҚ-1 әр 4000 км сайын, ТҚ-2 әр 16000 км жүріс сайын орындалады. Периодты техникалық қызмет құрамына сыртқы күтім, диагностика, реттеу жұмыстары, майлау жұмыстары кіреді.

Маусымдық жөндеу (МЖ) автомобильді өндіруші зауыттардың нұсқауымен көлікті күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы игеруге және сақтауға даярлайды. Осылайша әдетте аталмыш қызмет түрлерін жылына екі рет орындайды. Маусымдық қызметтерді орындау кезінде май, отын, суыту сұйықтығы алмастырылып, қажетті игеру периодына ауысады. Жөндеу – бұл бұйым мен қосалқы бөлшектерді түзетіп, ақауларын жөндеп, қайта қалыпқа келтіру бойынша кешенді шаралар жиынтығы болып табылады. Көлікті жөндеу бойынша жұмыс көлемі техникалық қызмет сапасына, көлікті қолдану жағдайына, жүргізушінің біліктілігіне байланысты. Сондықтан көптеген жағдайда жөндеу жұмыстары реттелмейді, демек нақты қажет болған кезде ғана белгіленеді.

Құрылыста қажет болатын жоспарлы алдын ала жасалатын техникалық қызметтер мен жөндеулер арнайы нормалармен және ережелермен анықталады. СНИП қосымша техникалық қызмет пен құрылыс көліктерін жөндеуді ұйымдастыруда көліктерді жөндеу мен техникалық қызмет көрсету түрлері біріктірілген. Автомобильді жөндеу келесідей қажеттіліктерден өтеді: диагностикалық, шашып-жинау, слесарлы, механикалық, жанармай үнемділігі, электротехникалық жұмыстар. ТҚ және ТЖ сапалы әрі сенімді болуы үшін посттармен, қондырғымен, аспаптармен, құралдармен, техникалық құжаттармен орындалады.

ТҚ және ТЖ жұмысының негізгі бөлігі посттарда, өндіруші корпустарда, ТҚ және ТЖ зоналарда жүргізіледі. Сонымен қатар тұрмыстық техника және электр жүйесін жөндеу және қызмет көрсету мамандандырылған салалар бойынша жүзеге асырылады. Сымсыз жұмыс жабдықтар жөндеу үшін ішінара электр бөлімінде орындалады [4].

1.7 Нормативті периодты ТҚ мен КЖ жүрісіне дейін таңдау және коррекциялау

Автобус паркінің жылдық бағдарлама жұмысы мен жылдық жүрісінің есебі. ТҚ бойынша өндірістік бағдарлама жоспарланған уақыт бойынша техникалық қызмет санымен сипатталады (жыл, тәулік).

Маусымдық қызмет көрсету (МҚ) жылына 2 рет өтеді. Көлікті күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы игеруге және сақтауға даярлайды. Маусымдық

қызметтерді орындау кезінде май, отын, суыту сұйықтығы алмастырылып, қажетті игеру периодына ауысады.

Ағымдық жөндеуді көлікті игеруге дайындап, қосалқы бөлшектерін ауыстыру үшін орындайды.

Капиталдық жөндеулерді көліктің ресурсын ТҚ қамтып қалыпқа келтіруде орындап, қосалқы бөлшектерін ТҚ алмастырып, базалық құрылымдарын қалыптастыруда орындайды.

Техникалық қызмет пен жөндеулердегі маңызды элементтердің бірі жұмыстарды ұйымдастыруды, режимін, периодтылығын, еңбек өнімділігін, жұмыс көлемін анықтайды [5].

КЖ дейінгі автомобильдің нормативті жүрісі және периодты ТҚ-1 және ТҚ-2 түзетілуі келесі формуламен анықталады:

$$L_{кр} = L_{к(н)} \cdot K_1 \cdot K_2 \cdot K_3, \quad (1)$$

Мұндағы $L_{к(н)}$ - КЖ дейінгі автомобильдің нормативті жүрісі, км;

K_1 – пайдалану шарты категориясының коэффициенті;

K_2 – жылжымалы құрам модификациясының коэффициенті;

K_3 - климаттық шарт коэффициенті.

$$L_i = L_i(н) \cdot TQ-1 \cdot K_1 \cdot K_3, \quad (2)$$

мұндағы L_i - ТҚ-1 дейінгі жүрісі;

$L_i(н)$ - ТҚ-1 дейінгі нормативті жүрісі.

2 Кесте – Әсер ету түрі бойынша жүрісі

Жылжымалы құрамның моделі	Жүріс түрі	Нормативті жүрісі, км	K_1	K_2	K_3	Жүрісі L_i , км	
						Түзетілген	Есептелген
Zhontong	L_1	4000	0,8		1	3200	3200
	L_2	16000	0,8		1	12800	12800
	L_k	300000	0,8	1,15	1	240000	276000

ТҚ және ТЖ бөлек түрлерінің жүрістері арасында есептеу ыңғайлы болуы үшін орта тәуліктегі жүріс көмегімен түзетуде шектеу көрсеткіші болады:

$$n_i = \frac{L_i}{L_{с.с}}, \quad (3)$$

Мұндағы L_i - периодтылыққа сәйкес түзету, км;

$L_{с.с}$ - орта тәуліктегі автомобиль жүрісі, км.

$$n_i = 3200/220 = 14;$$

$$n_i = 3200/180=18.$$

Бір автомобильге арналған КЖ мен ТҚ санын анықтау

$$N_k = L_{ц}/L_{к} = L_{к}/L_{к}=1;$$

$$N_2 = \frac{L_{к}}{L_2} - N_k ; \quad (4)$$

$$N_1 = \frac{L_{к}}{L_1} - N_k - N_2 ; \quad (5)$$

$$N_{eo} = L_{к} / L_{cc}, \quad (6)$$

Мұндағы L_1, L_2 - КЖ, ТҚ-1, ТҚ-2 дейінгі сәйкес жүрісі, км;

L_{cc} - орта тәуліктік жүрісі, км.

Әсер санын анықтау:

ZHONTONG маркалы 100 автобус жүрісі:

$$N_2 = 276000/12800-1=21 \text{ бірлік};$$

$$N_1=276000/3200-1-20,56= 65 \text{ бірлік};$$

$$N_{eo}=240000/180=3000 \text{ бірлік}.$$

3 Кесте – Бір автомобильге арналған әсер саны

Маркасы	Есептелген жүрісі, км	Nk	Бір автомобильге арналған ТҚ жүрісі N_2	N_1	Neo
ZHONTONG					3000
	L_1			65	
	L_2		21		
	$L_{к}$	1			

Циклден жылға өтетін коэффициентті η_r пайдалана отырып, келесі есепті аламыз. Онда жылдық әсер саны бір автомобильге және барлық паркке бір марканы құрайды:

$$N_{eo} = N_{eo} \times \eta_r, \quad (7)$$

$$N_{1.г} = N_1 \times \eta_{г}, \quad (8)$$

$$N_{2.г} = N_2 \times \eta_{г}. \quad (9)$$

Барлық автобустар үшін:

$$\sum N_{eo} = N_{eo} \times A_{сп}; \quad (10)$$

$$\sum N_{1.г} = N_1 \times A_{сп}; \quad (11)$$

$$\sum N_{2.г} = N_2 \times A_{сп}, \quad (12)$$

Мұндағы $A_{сп}$ - автомобильдің тізімдегі саны;
 $\eta_{г}$ - циклден жылға өтетін коэффициент.

Циклден жылға өтетін коэффициентті:

$$k_{п} = \frac{L_{г}}{L_{к}}, \quad (13)$$

Мұндағы, $L_{г}$ - автомобильдің жылдық жүрісі, км;
 $L_{к}$ - автомобильдің есептелген жүрісі, км.

Автомобильдің жылдық жүрісі келесідей анықталады:

$$L_{г} = D_{раб.г} \times L_{сс} \times \alpha \quad (14)$$

Мұндағы $D_{раб.г}$ – Кәсіпорынның жылына жасалған жұмыс күні ;
 α - техникалық дайындық коэффициенті.

Техникалық дайындық коэффициенті осы формуламен анықталады:

$$\alpha = \frac{D_{и.ц}}{D_{и.ц} + D_{п.ц}}, \quad (15)$$

Мұндағы $D_{и.ц}$ - автомобильдің техникалық түзетуден өткен күндер саны;
 $D_{п.ц}$ - ТҚ мен ТЖ цикл ішінде өткен автомобильдер саны.

Автомобильдің техникалық түзетуден өткен күндер саны:

$$D_{и.ц} = \frac{L_{к}}{L_{сс}}, \quad (16)$$

ТҚ мен ТЖ цикл ішінде өткен автомобильдер саны:

$$D_{\text{ци}} = (1.1 - 1.2) \times D_k + (D_{(\text{ТҚ-ТР})} \cdot L_{\text{сс}} \times k_k) / 1000, \quad (17)$$

Мұндағы D_k - КЖ жылжымалы құрамның тұрған нормасы (ZHONTONG үшін 22 күн);

$D_{(\text{ТҚ-ТР})}$ - ТҚ мен ТЖ болған жылжымалы құрам нормасы

k_k - түзету коэффициенті, $k_k = 1.2$

ZHONTONG автобусы үшін есептелгені (100 автобус):

$$D_{\text{п.ц}} = 1,1 \cdot 15 + 0,43 \cdot 276000 \cdot 1,2 / 1000 = 158,91 \text{ күн}$$

$$D_{\text{и.ц}} = 276000 / 180 = 1533,33 \text{ күн}$$

$$\alpha_{\text{T}} = 1533,33 / (158,91 + 1533,33) = 0,9$$

$$L_{\text{T}} = 305 \cdot 180 \cdot 0,9 = 49410 \text{ км}$$

$$\eta_{\text{T}} = 49410 / 276000 = 0,18$$

1 автобус үшін әсер саны:

$$N_{\text{ео}} = 1533,33 \cdot 0,18 = 275,99 \text{ бірлік}$$

$$N_{1,\text{T}} = 65 \cdot 0,18 = 11,7 \text{ бірлік}$$

$$N_{2,\text{T}} = 21 \cdot 0,18 = 3,78 \text{ бірлік}$$

$$\sum N_{\text{ео}} = 275,99 \cdot 100 = 27599 \text{ бірлік}$$

$$\sum N_{1,\text{T}} = 11,7 \cdot 100 = 1170 \text{ бірлік}$$

$$\sum N_{2,\text{T}} = 3,78 \cdot 100 = 378 \text{ бірлік}$$

1.8 Кәсіпорынның ұйымдастыру әдістерін таңдау мен технологиялық үрдісте қызмет көрсету

Кешенді және арнайыландырылған посттар әдісі.

Кешенді посттар әдісінің негізі болып, толық жұмыс көлемі бір постта орындалады, ал майлау жұмысы өз постында қаралады.

Арнайыландырылған посттар әдісі - лектік және операциялық-посттық. Лектік жұмыста толық жөндеу бірнеше постта орындалады, бұл әдіс тұрақты көлемі мен жұмыстар тізбесіне сәйкес прогрессивті болып табылады. Диагностика енгізумен, жұмыстың көлемі мен жиілігі әртүрлі болады, ол ырғағы ағынын әсер етеді. Бағдарлама үлкен болмаса, онда осы өндіріс желісін пайдалану ұсынылады [6].

4 Кесте – Қызмет көрсетуді таңдау әдістері

Әдістері	Ауысымға әсер саны				
	КҚ	Д-1	ТҚ-1	Д-2	ТҚ-2
Кешенді	15 дейін, қолмен, шлангпен жуу	20	12	5	3
Операциялы-посттық	-	20 - 40	-	5	3 - 6
Лектік	15	40	12	-	6

1.9 ТҚ көрсету, жөндеу және қосалқы жұмыстары бойынша жұмыстың жылдық сомасын есептеу

1.9.1 Нормативті еңбек көлемін түзету мен таңдау

Нормативті еңбек көлеміне ТҚ-1, ТҚ-2 және Д-1 и Д-2 кіреді. Күнделікті қызметтің ЕО еңбек көлемін түзету есебі:

$$T_{eo} = T_{eo}(H) \times K_2 \times K_5 \times K_M; \quad (18)$$

$$K_M = 1 - M/100, \quad (19)$$

Мұндағы $T_{eo}(H)$ - нормативті еңбек көлемі;

K_2, K_5, K_M – жылжымалы құрамның модификациясын ескеретін коэффициенттер;

M – КҚ жұмысының жұмыстық үлесі, механикалық әдіспен орындалады %, әдетте $M = 40\%$.

Нормативті еңбек көлеміне ТҚ-1, ТҚ-2 түзету:

$$T_i = T_i(H) \times K_2 \times K_5 \quad (20)$$

Мұндағы $t_i(H)$ - нормативті еңбек көлемі ТҚ-1, ТҚ-2.

ТЖ еңбек көлемін түзету:

$$T_{tp} = T_{tp}(H) \times K_1 \times K_2 \times K_3 \times K_4 \times K_5 \quad (21)$$

Күнделікті қызмет көрсетудегі ZHONTONG автобусы үшін еңбек көлемін түзету:

$$T_{eo} = 0,6 \cdot 0,8 \cdot 1,15 \cdot 1 \cdot 1,2 \cdot 0,85 = 0,56 \text{ адам/сағ}$$

$$K_M = 1 - 40\% / 100\% = 0,6$$

ZHONTONG автобусындағы ТҚ-1, ТҚ-2 еңбек көлемін түзету:

$$T_1 = 4,2 \cdot 1,15 \cdot 0,85 = 4,1;$$

$$T_2 = 19,6 \cdot 1,15 \cdot 0,85 = 19,6.$$

ТЖ еңбек көлемін түзету:

$$T_{тр} = 6,5 \cdot 0,8 \cdot 1,15 \cdot 1 \cdot 1,2 \cdot 0,85 = 6,1$$

1.9.2 ТҚ мен ТЖ бойынша жұмыстың жылдық мөлшерін анықтау

$$T_{eo.г.} = \sum N_{eo.г.} \times T_{eo}; \quad (22)$$

$$T_{1.г.} = \sum N_{1.г.} \times T_1; \quad (23)$$

$$T_{2.г.} = \sum N_{2.г.} \times T_2, \quad (24)$$

Мұндағы $\sum N_{eo.г.}$, $\sum N_{1.г.}$, $\sum N_{2.г.}$ – ЕО, ТҚ, ТЖ әрбір автобус үшін сәйкесінше қызмет саны;

T_{eo} , T_1 , T_2 – ТҚ-1, ТҚ-2, ЕО еңбек көлемін түзету, адам/сағ.

ТЖ бойынша жұмыс көлемі:

$$T_{тр.г.} = L_{г.} \times A_{и} \times T_{тр} / 1000, \quad (25)$$

Мұндағы $L_{г.}$ - жылдық жүріс, км.

ZHONTONG автобусының есебі:

$$T_{eo.г.} = 49410 \cdot 0,56 = 27669,6 \text{ адам/сағ}$$

$$T_{1.г.} = 1170 \cdot 4,1 = 4797 \text{ адам/сағ}$$

$$T_{2.г.} = 378 \cdot 19,6 = 7408,8 \text{ адам/сағ}$$

